

# Н ТУЫ

КОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ  
 КҮНТӨЗІ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ.

4 ноябрь Жұма

Шығуына 33 жыл  
 жеке саны 20 тыйын.

*Колхозшылар мен колхозшы әйелдер, совхоздың жұмысшылары мен жұмысшы әйелдері, зоотехниктер мен малдәрігерлік қызметкерлер! Қоғамдық мал шаруашылығын мейлінше өркендетіңдер! Қысқы жағдайда малдың үлгілі күтілуін қамтамасыз етейік! Етті, сүтті, жүнді және мал шаруашылығының басқа өнімдерін көп берейік!*

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдығына арнаған ұрандарынан).

## Ауысымы

«Колхозшы» ерікті спорт мәрте қанағаттанғысыз. 78 колхоз «Колхозшы» мына заңды мүше болып қатарында 5217 жезді, «Колхозшы» ерікті да қысқы спорт маусында баяу жүргізілуде. Спортты жаппай өрістесе, Ленин, Мамлют және онда мүлде жүргізілмейді. Бұл аудандарда спорттың іргелілік мөлшерде дайындығын сөз қылмағанын спорт түрлері бойынша секіріп жұмысқа кіріскен де білгенде, ауыл-селоарда коллективтері үшін шаңқажеткілікті мөлшерде дамытып отыр. Облыстық физкультура комитетінің басшысы (Қадыров жолдас) ауыл оғамдарында қысқы маусымға баяу жүргізілуін қаржының інінен деп түсіндіргісі бар еліміздің көптеген физкультура халықтың күшімен салу әдісі жөніндегі игілікті қолдануды ескермей, еңбекшілер бастаманы спорт маусымына үлгілі етіп беретіндігі сөзін спорт алаңдарын, катоктар аяғы базаларын, спорт

## Мал қыстату—мал шаруашылығындағы ең жауапты кезең

### ★ Табысты баянды ету күресі

Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозының алдыңғы қатарлы колхозшылары партиямыздың XIX съезінің мал шаруашылығын өркендету жөніндегі қарарларын мінсіз орындау жолында жанқиярлықпен еңбек етуде. Олар съезд қарарларымен және Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзімен жігерлене отырып, Ұлы Октябрь Социалистік революциясының 35 жылдық мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алды. Кәзіргі уақытта озат колхозшылар Октябрь мерекесі күндерінде қол жеткен табыстарды баянды етіп, ауыл шаруашылығын өркендетуде жоғары көрсеткіштерге ие болу жолындағы күресті күшейте түсіп отыр. Мұндай озаттардың бірі—Т. Қожасова жолдас. Ол сыйыр саууда күндіз норманы артығымен орындап жүр. Озат сауыншы қарамағындағы сыйырларды тыңғылықты күтімге алып, қысқы маусымда олардан сүтті көп саууға ұйғарып отыр. Қыстың алғашқы күндерінен бастап, ол сауын сыйырлардан жазғы күзгі маусымдағыдай сүтті мол алып келеді.

### ★ Үйімшылдықпен кірісті

Партияның XIX съезінің қарарлары мен кемеңгер көсеміміз Сталин жолдастың съездің қорытынды мәжілісінде сөйлеген сөзі және оның «ССРО-да социализмнің экономикалық проблемалары» деген даңыпшандық еңбегі Ұзынкөл совхозының жұмысшылары мен қызметкерлері арасына жаңа зор еңбек өрлеуін туғызуда. Совхоз коллективі ауыл шаруашылығын өркендету жөнінде съезд алға қойған күрделі міндеттерді мінсіз жүзеге асыру жолындағы күресті күшейте отырып, Ұлы Октябрь социалистік революциясының 35 жылдық мерекесін лайықты өндірістік табыстармен қарсы алды. Жұмысшылар мен қызметкерлер Октябрь мерекесіне мал қыстатуға әзірлікті үлгілі аяқтаумен, малды қолда бағуды ойдағыдай ұйымдастырумен келді. Коллектив мал қыстатуға әзірлік жұмыстарын ерте қолға алып, үлгілі жүргізді. Әрбір бөлімшеде тұрақты құрылым бригадасы ұйымдастырылды. Мұның өзі қысқы маусымда малды жылы, жарық қоралармен жеткілікті қамтамасыз ету ісін ойдағыдай шешуге бірден-бір қолайлы жағдай туғызды. Барлық бөлімшелерде мал қораларын салу, жөндеу жұмыстары

Бөлімшенің жұмысшылары мен қызметкерлері малды құнарлы жемшөппен мол қамтамасыз еткен. Олар малды мезгілінде азықтандыруды және дайындалған жемшөпті ұқыпты пайдалануды көздеп, қыстаулар жанына шөп тасу жұмыстарын кеңінен өрістете жүргізді. Осының арқасында мал қоралары жанына көп шөп тасып алынды. Ал, жемшөптің қыстаулар жанына тасылып үйілуі малды қолда бағуды үлгілі ұйымдастыруға, оны мезгілінде жайлап күтуге қолайлы жағдай туғызып отыр. Бөлімше мал өсірушілері Ұлы Октябрь революциясының 35 жылдық мерекесі күндерінде қол жеткен табысты баянды ету мақсатында шөп тасу қарқынын күшейте түсуде. Кәзір мал қоралары жанына күн сайын 200 центнерге жуық шөп тасылады. Шөп тасуда Прожеркина, Деметьева және Ритер жолдастар қажырлы еңбек етіп жүр. Совхоздың басқа бөлімшелері де малды қолда бағуға ұйымшылдықпен кірісті. Олардың барлығында дерлік малға шөп алғашқы күндерден бастап ұқыппен өлшеніп берілуде. Бұл жөнінде мал өсірушілер жан аямай еңбек етіп, жоғары өр-

## Жаңа бесжылдықта қалаларды көркейтеу

Панфилов атындағы коммуналдық шаруашылық академиясы жаңа бесжылдық қалаларды көркейтеу жөніндегі ғылым зерттеу жұмыстарының жоспарын белгіледі. 1953 жылы қала транспортына, энергетикасына, экономикасына және қала шаруашылығының басқа салаларына байланысты 82 ғылыми тақырыпты шешу қарастырылып отыр. Қалаларды көгалдандыру жөнінде тамаша проблемалар белгіленді. Бұл жөнін Совет Одағында қаншалықты зор жұмыстар жүргізіліп жатқаны мәлім. РСФСР Федерациясында қалалардағы көгалдандырылған алаң барлық қалалардың жалпы жерінің 16 процентінен артығын алды. Жаңа бесжылдықта РСФСР-дың жаңадан салынатын және қайтадан жасалатын қалаларындағы көгалдандырылған алаңдардың көлемі қалалардың жерінің кемінде 30 проценттейі болады. Әсіресе, Уралдың қалалары мен өнеркәсіп орындарын көгалдандыруға ерекше көңіл бөлінеді. Академияның жұмыс жоспарында РСФСР-дың еуропалық бөлігіндегі далалық аудандардағы қалалар мен жаңа құрылыстарды көгалдандыру көзделіп отыр. Алып су электр станциялары беретін арзан электр қуаты негізінде электр қуатының көмегімен көркейткіш өсімдіктер, жыл бойына өсіру әдісі кеңінен қолданылатын болады. Мұның өзі жаңадан өсі-

ки тебумен шұғылдана бастады.

5 декабрьде — Сталиндік Конституция күні облысымыздың спортшылары қысқы спорт маусымын бастайды. Қысқы спорт маусымының табысты болуы оған алдынала толық әзірлікпен кірісуге байланысты екендігі мәлім. Алайда, облысымыздың бірқатар физкультура коллективтері мен «Колхозшы» спорт қоғамдары қысқа әзірлік ісін кеңінен өрістетіп жүргізіп алмай отыр. Қысқы спорт маусымына әзірліктің

ондағыдан өткізуде комсомол ұйымдары зор роль атқаруға тиіс. Комсомол мүшелері арқашан да спорт жұмыстарын ұйымдастыруда және өткізуде алдыңғы қатарда болулары керек.

Қысқы спорт маусымына барлық жағынан тыңғылықты әзірленіп, облыс спортшыларының үстіміздегі қысқы маусымда спорттық жаңа табыстарға жетуіне, жаңа рекордтар жасауына, спорт шеберлігін арттыруына жетісейік!

## Жылдық жоспар мерзімінен бұрын орындалсын

### Қажырлы еңбектің игі нәтижесі

Бүкіл совет халықтары сыяқты, партияның XIX съезінің қарарлары мен көсеміміз Сталин жолдастың съездің қортынды мәжілісінде сөйлеген данышпандық сөзі қаладағы «Қазақстанның 10 жылдығы» кәсіпшілік артелінің коллективі арасында да зор саяси және еңбек өрлеуін туғызды.

Съезд қарарлары және көсем сөзін талқылауға арналған әңгімелердің бірінде артельдің тері өңдеу цехының жұмысшысы, стахановшы В. Брюхов жолдас былай деді:

—Туысқан Коммунистік партия және совет үкметі біздің келешекте де бақытты өмір сүруіміз бен табысты еңбек етуіміз үшін барлық мүмкіншілікті жасап отыр. Еліміздің халықтарының әл-ауқат күйін, мәдениет дәрежесін онан әрі жақсартуға беру мақсатының жаңа бесжылдық жоспардың директиваларында бірінші міндет ретінде қойылуы мұның айқын куәсі болып табылады.

Гүлденген заманда, сталиндік заманда өмір сүру, Отанымыздың игілігі үшін еңбек ету біз үшін зор бақыт. Мен Октябрь мерекесін еңбектегі табыстарыммен қарсы алуға міндеттенемін.

Озат жұмысшы алған міндеттемесін аброймен орындап шықты. Ол октябрь айының тапсырмасын мерзімінен бұрын 28 октябрьде 200 процент орындады.

Ал, артельдің барлық комсомолдері ок

тябрь айының өндірістік тапсырмасын 20 октябрьге дейін орындап, айдың аяғына дейінгі жоспардан тыс 35 мың сомның өнімін шығарды.

Мұндағы озат комсомолдердің бірі, жегу әбзелдерін жасайтын цехтың жұмысшысы Н. Десяткин XIX съезд күндерінде қол жеткен еңбек өнімділігін ешбір бәсеңдетпестен қайта барған сайын арттыра түсуде. Күндік норманы біржарым екі есе орындау оның әдеттегі ісіне айналған.

Сентябрь айында артельдің әрбір жұмысшысы орта есеппен 2615 сомның өнімін шығаруға тиіс еді. Съезд құрметіндегі вахта күндерінде сменалық норманы үнемі асыра орындап отыру арқасында, мұнда әрбір жұмысшы 3170 сомның өнімін шығарды, яғни әрбір жұмысшы айлық тапсырманы 122 проценттен орындады. Сөйтіп, артель коллективі партияның XIX съезінің ашылу күнін жаңа табыстармен қарсы алды.

Сол сыяқты, Октябрінің 35 жылдығы құрметіндегі социалистік жарыс та өзінің игі нәтижесін берді. Артель кәзірдің өзінде жылдық тапсырманы шикізат дайындау жөнінде 94,6 процент, товарлы өнім жөнінде 97 процент орындады.

Коллектив жылдық жоспарды 20 ноябрьге аяқтамақ. Бұл міндеттеменің де орындалатындығы сөзсіз.

С. ӘБДІҚАСЫМОВ.

толық аяқталды.

Мал қыстату маусымын үлгілі әзірлікпен қарсы алған колхозшылар малды қыстан күйлі және шығынсыз шығарып, съезд қарарларын мінсіз жүзеге асырады.

Ә. МҰХАМЕТОВ.

Совет ауданы.

масын аланық. Бұл фермада малға шөл өлшенбей беріліп келеді. Ферма менгерушісі Бухтин жолдас алғашқы күннен бастап жемшөпті ұқыпты жұмсауға, сөйтіп, малды біркелкі азықтандыруға мүлдем мән бермейді.

— Мал азығы неге үнеммен жұмсал

## Өнімнің сапасы үшін күресті күшейтейік

Сталин жолдас партияның XVII съезінде БК(б)П Орталық Комитетінің жұмысы туралы жасаған есепті баяндамасында еліміздің өнеркәсібін барған сайын дамыта беру жөніндегі міндеттерді айқындай келіп: «Жасалып жатқан товарлардың сапасын ондау, комплекті түгел емес өнім шығаруды тоқтату, өнімнің сапасы және оның комплекті түгел болуы жайындағы Совет өкметінің заңдарын бұзған, орындамаған жолдастардың бәрін де бет-беделіне қарамастан жазалау» қажеттігін атап көрсеткен болатын.

Шығарылатын өнімнің сапасын бұрынғыдан да жақсарту берудің біртұтас мемлекеттік жоспар бойынша өркендеп отырған халық шаруашылығымыз үшін орасан зор маңызы бар. Біздің өнеркәсібіміз кәзіргі заманның озат техникасымен жабдықталып, өнімнің мөлшері үздіксіз артуда және өнімнің сапасы да жақсара түсуде.

Қаладағы кәсіпорындарының басым көпшілігі өткен жылмен салыстырғанда өнім шығарудың сапасын жақсарту түсті. Микоян атындағы ет-консерві комбинатында 73 бригада өнім сапасын жақсарту үшін күресуде, оған 610 адам тартылған. Осы бригадалардың көпшілігіне СССР Ет-сүт өнеркәсібі Министрлігі мінсіз жоғары өнім шығарушы бригада атағы берді. Электр өнеркәсібі Министрлігі зауытында бірінші цех жоғары сапалы өнім шығару цехы және жанпай коллективтің стахановтық еңбекшісі цехы болып есептелінеді.

Шығарылатын өнімнің сапасын жақсартуға беру ісінде бақылаудың озат әдісте-

рі бірнеше кәсіпорындарында қолданылып, өзінің игі нәтижелерін беруде. Шағын двигателдер зауытында Сталиндік сыйлықтың лауреаты Россомахина жолдастың бастамасы бойынша техникалық бақылаудың айналмалы әдісі 47 түрлі операция қолданылып келеді. Мұнда өнім шығарудың 131 түріне статистикалық бақылау жүргізіледі. Осындай игі жұмыстардың нәтижесінде заводта ақаудан болатын шығын өткен жылдағыға қарағанда 21 процент кеміді.

Алайда, өнім сапасын жақсарту ісінде елеулі кемшіліктер де бар. Кейбір кәсіпорындарында өнім шығарудың мемлекеттік тәртібін бұзушылық байқалады, тұтынушыларға сапасы төмен өнімдер беретін фактілер кездеседі. Өндірістің технологиясын барған сайын жетілдіру, шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту беру жөніндегі мүмкіншіліктер сарқа пайдаланылмағандықтан мемлекетке үлкен зыян келтіріледі. 1952 жылы қала кәсіпорындары жіберген ақаудан бір миллион сомнан астам зыян болды.

Мәселен, шағын двигателдер зауыты ақаудан болатын шығынды болдырмау жөнінде бірталай шаралар белгілеп, оны жүзеге асырғанына қарамастан, заводта ақаудан болатын шығын әлі көп. Завод шығынды болдырмау жөніндегі тапсырысты орындамады. Күю цехындағы ақау 6,4 процентке жетті. Ал, аяқкиім фабрикасы үстіміздегі жылы ақаудан мемлекетке 300 мың сом зыян келтірді. Фабриканың басшылары бірінші сортты пима шығарудың мөлшерін өз беттерімен кемі-

үшін о үлгілі колхоз қы күн йып, ма жемшөп сьз ету

тіп, үш неше ес

Нан өте тем

10 тонн

сапасын

жарамсы

ның еде

қарамас

нат бас

Евразев

жөнінде

Қалал

жолдаста

сартуды

етті. Бір

қорытын

брьде ба

комбинат

өте сапа

бола ала

лігі де

«Комс

жылы 9

13,7 ц

қайта ө

Облыс

мүгедект

сыяқты,

рі шыға

мен.

Жоғар

кәсіпоры

пасын ж

нашар е

біріншіде

лық, па

ның бас

сапасына

жіберетін

Екіншіде

өнімнің с

міндетті

МЕН ҮГІТШІЛЕРГЕ КӨМЕК

# Қ жоспар—коммунизмге жолындағы ірі қадам

е сүйене  
ш күш-  
келді жә-  
а зор қар-  
ң еліміз  
лгері баса  
техника-  
сауда.

л жеткен  
овет хал-  
лң басшы-  
ициатива-  
прде, Аму-  
салуды  
қыны жа-  
жсқ бұл  
ң ұлы  
птерін со-  
му-  
оммунизм  
не бүкіл  
сқауының  
атындағы  
не зор  
лу Еділ  
тр стан-  
ырттында,  
Қырымда  
н кең  
ниқаның  
ландыру-  
әлелдейді.  
никалық

арқасын-  
үздіксіз  
зылдарда  
деді, елі  
солдастың  
быстарын  
тіп қана

еңбекшілердің мәдени-техникалық дәре-  
жесінің өсуін қамтамасыз етеді.

«Өнеркәсіптің қалай болса да жалпы  
өркендеуі, — деп үйретеді И. В. Сталин  
жолдас. — индустрияландыру болып табыл-  
майды. Индустрияландырудың кіндігі,  
оның негізі ауыр өнеркәсіпті (отын, ме-  
талл және тағы басқа) өркендетуде, ақыр  
аяғында, өндіріс құралдары өндірісін өр-  
кендетуде, өз елімізде машина жасау  
өнеркәсібін өркендетуде болып табылады».

Социалистік Отанымыздың кездейсоқ  
оқыйғаларға ұшырамауын қамтамасыз ету  
үшін, Отанымыздың халық шаруашылы-  
ғын мықтан алға бастыру үшін, комму-  
низмнің жеңістері үшін қажетті материал-  
дық-техникалық жағдайлар жасау үшін  
өнеркәсіп өндірісін онан әрі өркендету  
мақсатымен 1951—1955 жылдары өнер-  
кәсіпке жұмсалатын күрделі қаржының  
мөлшері, өткен бесжылдықтарымен салыс-  
тырғанда, шамамен екі есе ұлғайтылады.

Бесінші бесжылдықта еліміз коммуни-  
змнің материалдық-техникалық базасын  
жасау жолында коммунизмге қарай алға  
басуда тағы да ірі адыммен алға басады.  
Қаңа бесжылдық жоспар бойынша өнер-  
кәсіп өндірісінің дәрежесі бесжылдық  
шінде шамамен 70 процент, ал, өнеркә-  
сіптің барлық өнімінің орта жылдық өсу  
қарқыны шамамен 12 процент арттыры-  
лады. Өндіріс құралдары өндірісінің өсу  
қарқыны 13 процент, ал, тұтыну заттары  
өндірісінің өсу қарқыны 11 процент арт-  
тырылады.

Өткен бесжылдықтар сыяқты, бесінші  
бесжылдықта да қара, түсті металлургия,  
көмір, мұнай, машина жасау, химия,  
ағаш өнеркәсібі, транспорт пен байланыс,  
электр қуатын өндіру бұрынғыдан да зор  
қарқынмен өркендетіледі.

ғымен орындау жолындағы күресте қолы  
жеткен аса көрнекті табыстары тамаша  
сыпаттауда. Мұны Сталин жолдастың  
инициативасы бойынша салынып, бірте-  
бірте іске кірісіп жатқан, еліміздің ком-  
мунизм жолындағы жаңа ірі адымы болып  
табылатын алып құрылыстар айқын дә-  
лелдеуде. Мұны ССРО-ның халық шар-  
уашылығын өркендетудің осы жылға  
арналған мемлекеттік жоспарының орын-  
далуының барысы дәлелдейді. Социализм  
елінің экономикасының қаулап өсуі со-  
веттік ғылым мен мәдениеттің онан са-  
йын дамуымен, гүденуімен ұштастыры-  
лып отырады. Совет ғылымы халыққа  
адал қызмет етуде, өзінің жаңалықтары-  
мен, өнер табыстарымен техникалық  
прогреске, халық шаруашылық жоспарла-  
рының толық және асыра орындалуына  
белсене қатнасып, барған сайын еліміздегі  
бай жаратылыс байлықтарын мақсатты  
түрде пайдалануға жәрдемдесуде.

Елімізде социализм экономикасынан —  
екінші жоғарғы — коммунизм экономика-  
сына негізінен өтуге керекті жағдайдың  
барлығы да бар. Өндірістің социалистік  
әдісінің, социалистік өндіріс қатнастары-  
ның жеңуі, жолдастық ынтымақ және  
өзара көмек негізінде ССРО-да дамудың  
жаңа, бұған дейін болып көрмеген қуат-  
ты қозғаушы күштері — советтік қоғам-  
ның моральдық-саяси бірлігі, халықтар-  
дың достығы, советтік патриотизм қалып-  
тасып шығады. Совет Одағында В. И.  
Лениннің жұмысшылар мен шаруалардың  
одағын көздің қарашығындай сақтап ны-  
ғайта беру керек деген нұсқауы Сталин  
жолдастың данышпандық басшылығымен  
жүзеге асты, ол одақ нығайтып, жұмысшы-  
лардың, колхозшылардың және халық ар-  
сынан шыққан совет интеллигенциясының

## Жалпыға бірдей оқу заңын мүлтіксіз орындау — маңызды міндет

СОБП XIX съезінің келесі бесжылдықта  
қалаларда, сол сыяқты, селолық жерлер-  
де жалпыға бірдей онжылдық оқуға көшу  
туралы тарихи қарары облыс мектепте-  
рінде жалпыға бірдей міндетті жетіжыл-  
дық оқу заңын мүлтіксіз жүзеге асыру  
ісінде халық ағарту қызметкерлері мен  
ата-аналарға зор міндеттер жүктейді.

Преснов, Октябрь аудандарының мек-  
тептерінде жүргізілген тексерісте кейбір  
мектептердің жалпыға бірдей оқу заңын  
жүзеге асыру сыяқты жауапты іске  
атүсті қарағандығы байқалды. Оқушылар-  
дың есебі дұрыс алынбаған, сондықтан  
кейбір оқу жасындағылар оқуға тартыл-  
май қалған. Мәселен, Октябрь ауданын-  
дағы Сергеевка, Семиполка жеті-  
жылдық, Преснов орта мектептерінің әр-  
қайсысында оқу жасындағы 4—5 оқушы  
мектепке тартылмай қалды. Бұл аудан-  
дарда мектепке мүлдем тартылмай қалған  
балалар да жоқ емес. Мәселен, Сергеевка  
мектебінде оқуға тиісті 1942 жылы туған  
Алексей Власов, Преснов орта мектебінде  
оқуға тиісті 11 жастағы Рахматуаллина  
Бәтима әлі күнге оқуға тартылмаған. Бұл  
сыяқты мысалдарды көптеп келтіруге  
болады.

Мектеп жасындағы балалардың есебі  
дұрыс алынбауы, жалпыға бірдей оқу  
заңын орындау үшін тиісті шаралар то-  
лық жүзеге асырылмауы салдарынан 20  
октябрьге дейін облыс бойынша 500 оқу-  
шы мектептен тыс қалып қойды. Сол  
сыяқты, ешбір себепсіз оқушылардың  
оқуды тастап, мектептен шығып кетуі  
сыяқты фактілер де әлі күнге орын алып  
келеді.

Рас, облысымызда жалпыға бірдей же-  
тіжылдық оқу заңын жылдан-жылға  
толық орындап отыратын мектептер жоқ  
емес. Ондай мектептердің басшылары  
мен оқытушылары мектеп жасындағы  
балалардың тізімін дергезінде дұрыс алып,

ол тізімді ауыл-селолық Советтің есеп  
кітапшасы бойынша тексереді. Сол  
сыяқты, жалпыға бірдей оқу қорын  
ұйымдастыру арқылы мұқтаж оқушылар-  
ға көмек көрсетіліп, оқушылардың жыл  
бойына оқуға қатысын өтыруына жағдай  
туғызылады.

Жалпыға бірдей оқу заңын орындау  
үшін оқушыларды мектепке тартумен  
ғана іс бітпейді. Сондықтан оқу жылы  
бойына бірде-бір оқушының оқуды тас-  
тап кетіп қалуына жол берілмеуі керек.  
Бұл барлық мұғалімдер коллективінің өте  
зор ұйымдастыру жұмыстарын жүргізуін  
керек етеді.

Кейбір реттерде жекелеген оқушылардың  
жиі-жиі оқуға келмей қалушылығы кез-  
деседі. Мұндай жағдайда класс жетекші-  
лері оқушылардың ата-анасымен байла-  
нысты күшейтіп, оқушының оқуға келуін  
үнемі бақылап отыруы қажет.

Жалпыға бірдей оқу заңының орында-  
луы ата-аналарға, олардың өз балалары-  
ның оқуын және тәртібін қаншалықты  
бақылап, мектеппен тығыз байланыс жа-  
сап отыруына да байланысты болатындығы  
сөзсіз. Міне, сондықтан да қазір ата-  
аналар арасында педагогикалық насихат-  
ты күшейту мәселесіне ерекше көңіл бө-  
ліп отыру қажет.

Жалпыға бірдей міндетті жетіжылдық  
оқу заңын мүлтіксіз орындау — мектептер  
мен ата-аналардың аса маңызды міндеті.  
Мектеп коллективтері ата-аналармен бай-  
ланысты бұрынғыдан да күшейтіп, олар-  
дың арасында педагогикалық насихатты  
өрістете жүргізулері, оқуды тастап кеткен  
оқушыларды дереу қайтадан мектепке  
тартып, оқу жылы бойына бірде-бір  
оқушының мектепті тастап кетушілігіне  
жол бермеу үшін барлық шараларды жү-  
зеге асырулары қажет.

Н. ФИЛАТОВ,

Облыстық оқу бөлімінің инспекторы.

Өнеркәсіп өнімінің көлемін, соғыстың алдындағы дәрежемен салыстырғанда 48 процент арттыру көзделген еді. Іс жүзінде бесжылдықтың ақырғы жылында өнеркәсіп өнімі 1940 жылғыдан 73 процент артық шығарылды. СССР өнеркәсіпінде бесжылдық жоспар мерзімінен бұрын — төрт жыл үш айда орындалғаны ұртқа мәлім. Өнеркәсіппен бірге, социалистік ауыл шаруашылығы ойдағыдай өркендеп келеді. Ұлттық табыс бесжылдықтың ақырғы жылында 1940 жылымен салыстырғанда 64 процент артты. Ұлтың өзі еліміздің жұмысшыларының, шаруаларының және интеллигенциясының материалдық халін едәуір жақсартта, халық шаруашылығында құрылыс жұмыстарына орасан көп қаржы жұмсауды, сонымен қатар, қажетті мемлекеттік және азық-түлік резервтерін молайтуға мүмкіндік берді. Сөйтіп, совет халқы Сталин жолдастың басшылығымен жаңа, еліміздің дүниежүзілік-тарихи жеңістерге иетті, өз мемлекетінің қуатын бұрынғыдан нығайтты.

Төртінші бесжылдықта өнеркәсіптің жылма-жыл өсу қарқыны орта есеппен 10 проценттен асты. 1946—1951 жылдарда ең ірі капиталистік елде — АҚШ-тың өнеркәсіп өнімінің жылма-жылғы өсу қарқыны орта есеппен небары 1,3 процент ғана болды. Оның үстіне АҚШ-тың өндіріс көбінесе шаруашылықты митарландыру және қару-жарақ жасауға күшейту есебінен ұлғайтылды. Елімізде бейбіт құрылыс орасан зор темде жүргізіліп, халық бұқарасының материалдық халі үздіксіз өсіп, жақсартылып отырғанда, капитал елдерінде жантарап қарулану күшейтілуде, азаматтық қарулысы азайтылуда, жұмыссыздық артуымен миллиондаған еңбекшілер қайыршылық пен аптықтың қара түнек күнін бастарынан өткізуде.

Советтік құрылысқа, жаңа социалистік өндірістік қатнастарға, Ленин — Сталин өнеркәсіп тәрбиелеген бұқараның ұлғай-

«Социализмнің негізгі экономикалық заңының елеулі белгілері мен талаптары», — деп жазды Сталин жолдас, — шамамен айтқанда: жоғарғы техника негізінде социалистік өндірісті үздіксіз ұлғайтып жетілдіру жолымен бүкіл қоғамның үнемі өсіп отыратын материалдық және мәдени қажеттерін барынша толық өтеуді қамтамасыз ету деп тұжырымдауға болар еді».

Партияның XIX съезінің СССР-ны өркендетудің 1951—1955 жылдарға арналған бесінші бесжылдық жоспары жөніндегі директивалары Сталин жолдастың ғылыми еңбегіне сәйкес жасалған.

«Бесінші бесжылдық жоспар», — деп көрсетілді директиваларда, — СССР халық шаруашылығының жаңадан күшті өркендеуін белгілейді және халықтың материалдық әл-ауқаты мен мәдени дәрежесінің онан әрі едәуір артуын қамтамасыз етеді.

Бесінші бесжылдық жоспардың орындалуы социализмнен коммунизмге қарай даму жолымен алға басудың ірі қадамы болады».

Өткен барлық бесжылдықтарыдай, бесінші бесжылдықта да социалистік ұлғайтқы малы өндірісті жүзеге асыруға мүмкіндік туғызатын өндіріс құралдары өндірісін баса ұлғайту көзделген. Өйткені, халық шаруашылығының барлық салаларын үздіксіз өркендетуді, өнеркәсіпті ауыл шаруашылығынан тез ұлғайтуды, өндіріс құралдары өндірісін тұтыну заттарының өндірісінен бұрын күшейтуді, машина жасау салаларын, әсіресе, машиналар жасауға керекті машиналар шығаратын өнеркәсіп салаларын неғұрлым күшті қарқынмен өркендетуді, сайып келгенде, бүкіл қоғамдық өндірістің үздіксіз өсуін тек осы жол арқылы қамтамасыз етуге болады. Ұлғайтқы өндірістің нақ осындай негізі ғана өндіріс құштердің үздіксіз өсуін, халқымыздың әл-ауқатының артуын, елдің барған сайын өркендеуін,

ділігін өнеркәсіпте 50 процент, құрылыста 55 процент, ауыл шаруашылығында 40 процент арттыру көзделген.

Партияның XIX съезінің директивалары бойынша бесінші бесжылдықта ғылым және мәдениет, денсаулық сақтау, халық ағарту мекемелерінің саны едәуір көбейтіледі. Мұның бәрі — Ұлы Октябрь социалистік революциясының жемісі, ұлы сталиндік қамқорлықтың айқын белгісі.

Партияның XIX съезінің директиваларында партияның лениндік-сталиндік ұлт саясаты айқын көрінуде. Өткен барлық бесжылдықтарыдай, бесінші бесжылдықта партияның лениндік-сталиндік ұлт саясаты көп ұлтты совет халықтарының ынтымағы мен сталиндік достығын нығайта беруді, барлық социалистік ұлттардың өркендеген өнеркәсібін, механикаландырылған ауыл шаруашылығын, түрі ұлттық мазмұны социалистік мәдениетін онан сайын көркейту мақсатын көздейді. Ленин — Сталин партиясының ұлт саясатының бұл ізгі мақсаты бесінші бесжылдық жоспар жөніндегі директиваларда тағы да айқын көрінуде.

Партияның XIX съезінде жасаған есепті баяндамасында Г. М. Маленков жолдас алдағы міндет «біздің халқымыздың материалдық әл-ауқатын бұрынғыдан да гөрі жақсартта беру; жұмысшылар мен қызметшілердің нақтылы жаалақысы үздіксіз арттыра беру; еңбекшілердің тұрғын үй жағдайларын жақсартта беру; шаруалардың табыстарының өсуіне барынша көмек көрсетіп отыру; совет мәдениетін өркендетте беру; халық ағарту және денсаулық сақтау ісін, жақсарттып отыру; советтік әдебиет пен искусствоның бұрынғыдан да гөрі өркендеуіне тынбастан қамқорлық көрсетіп отыру» деп ерекше көрсетті.

Бейбіт даму жағдайында советтік қоғамдық және мемлекеттік құрылысының ұлы артықшылықтары жаңа күшпен көрінуде. Мұны совет халқының соғыстан кейінгі бесжылдықты толық және арты-

қүресі үшін жаңа күш, жаңа жігер мен қуат алады.

Сталиндік сыртқы саясатты мүлтіксіз жүргізудің арқасында совет өкметінің дүние жүзінде беделі онан сайын күшейді. Демократия мен социализмнің халықаралық лагерін бастап отырған ұлы Совет Одағы — бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің мызғымас берік сенімді қамалы.

Біздің елімізде коммунизм алыстағы болашақтың мәселесі емес. Ол миллиондаған совет адамдарының творчестволық еңбегінен, біздің ғылымымыз бен техникамыздың жаңа табыстарынан, еңбекшілердің материалдық әл-ауқаты мен мәдениетінің дәрежесі артуынан туып өсуде.

Коммунизм жолын нұрландырып отырған маркстік-лениндік теория Отанмыз да ұлы жігер туғызды. Озат теориямен қаруланған совет адамдары шаруашылық және мәдениет құрылысының барлық саласында қаһармандық жаңашылдық, творчестволық бастама көрсетуде. Капитализмнің қалдықтарына, оның дұшпандық идеологиясының белгілеріне қарсы күрес жүргізе отырып, кадрларымыз жаңалықты, озаттықты, прогресшілдікті мейлінше қолдауда.

Ленин мен Сталиннің шығармалары коммунистерді, барлық совет адамдарын өздеріне және басқаларға қатал талаптар қоюға, кемшіліктерді батыл сынауға үйретеді. Сын мен өзара сын — коммунизм орнату күресіндегі қуатты құрал болып табылады. Партияның XIX съезінің тарихи қарарларымен қаруланған, Сталин жолдастың сөзімен, социализмнен коммунизмге өту жолдары туралы оның ілімімен жігерленген совет халқы өзінің күш-жігерін бейбіт құрылысқа жұмсауда, жаңа бесжылдықты орындау және асыра орындау жолындағы социалистік жарысты бұрынғыдан да кең өрістетуде, жаңа ұлы жеңістерге қарай сеніммен алға басуда.

**З. БЛАҚБАЕВ.**

отыр деуге болмайды. Іс жүзіне асырылуына әзірлік, әсіресе «Труд», «Звезда» ерікт

## Колхозшылар қойып көр

Совет ауданындағы «Труд» шаруашылық артелінің мәдениеті мерекесі күндерінде мектеп

Оқушылар колхозшылармен алынып жазылған «Труд» пьесаны қойып көрсетті. Берді.

### Облыстық

## ЖАЗЫЛМА

Газетке «Социализмнің негізгі заңдары» нәсіпорындары мен колхоздар мен совхоздар мен жазылуға бол

Газетке ұзақ мазмұндық құрамын қамтамасыз

## К

«УДАРНИК» кинорежиссері

«КҮЙРЕУ» кинорежиссері

1-серия.  
Сеанстар сағат 4-8-де

2-серия.  
Сеанстар сағат 6-10-де

Касса сағат 3-тен басталады